

6D011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында орындалған Джалданова Динара Канатқызының диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің, педагогика ғылымдарының докторы Жайтапова Алтнай Альбекқызының жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ізденуші Джалданова Динара Канатовнаның 6D011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы ғылымының даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарлама мазмұнына толық сәйкес келеді. Атап айтқанда, «ҚР Білім туралы Заңы», «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Педагог» кәсіби стандарты, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» және «ҚР шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасы» және т.б. заңнамалық құжаттар негізге алынған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-	Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Оның ішінде: 1) «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 2) «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер».

		техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған	<p>Ізденуші Д.К.Джолданованың болашақ шетел тілі мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеуге және әдістемесін жасауға бағытталған ғылыми жұмысы ЖОО-да болашақ маманның акмеологиялық дайындығының қалыптасуына мүмкіндік береді.</p> <p>Диссертациялық жұмыста акмеологиялық құзыреттілік, академиялық лидерлік ұғымдарының мәні мен қызметтеріне, зерттеудің негізгі ұғымдарына теориялық талдау жасалған. Диссертациялық жұмыста акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастыру бойынша зерттеудің шетелдік және отандық тәжірибесі зерделеніп, лидерлік қасиеттерді дамыту арқылы болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары қарастырылады. Болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың моделі жасалып, ол педагогикалық міндеттерді шешу үшін академиялық лидерлік үдерістерімен пәндік (әлеуметтік-мәдени, шет тілді коммуникативтік, мәдениетаралық және т.б.), және кәсіби құзыреттілік деңгейін синтездеу; шеттілдік білім беру контекстінде педагогикалық және тілдік мәселелерді шешу үшін білімді құрылымдау дағдыларын дамыту (көптілді тұлғаны қалыптастыру); кәсіби салада «мен-кәсіпқой» бейнесіне қол жеткізуді және лидерлік қасиеттерді дамытуды қамтамасыз ететін, кәсіби даму стратегияларын, өзіндік тиімділік және өзіндік рефлексия процестерін басқаруға педагогтің дайындығын дамыту міндеттерін көздеді.</p> <p>Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасына «Педагогикалық акмеология» атты элективті оқу курсының силлабусы мен оқу-әдістемелік кешені дайындалып, ұсынылды. Ұсынылған оқу-әдістемелік кешен мен студенттердің акмеологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталып құрылған моделдің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, арнайы</p>

			<p>қорытындылар жасалады.</p> <p>Мәселенің ғылыми негізделуі және эксперимент нәтижесі бойынша болашақ мамандардың акмелоялық құзыреттіліктері мен лидерлік сапаларының көрсеткіштері ғылымның дамуына диссертанттың қосқан үлесі болып табылады. Диссертацияда ұсынылған тұжырымдар болашақ мамандардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға деген қажеттілік пен бұл мәселенің ғылыми және әдістемелік негізделуінің арасындағы қажеттілікті шешуге ықпал етеді. Жұмыс нәтижелері ғылымға елеулі үлесін қосып, оның маңыздылығын ашады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Диссертанттың қол жеткізген ғылыми және қолданбалы жаңалықтары өзі жазу принципін жоғары деңгейіне сәйкес деп есептеуге болады. Онымен қоса, жұмыстың шынайылығы тексеріліп, қажетті анықтама арқылы дәлелденген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Джолданова Динараның диссертациялық жұмысының өзектілігі дәлелденген. Зерттеудің өзектілігі бұл мәселенің жеткіліксіз зерттелуімен және болашақ шетел тілі мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған лидерлік қасиеттерді іріктеумен анықталады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды, мазмұны тараулар мен тармақтарына сәйкес келеді. Диссертация мазмұны логикалық тұрғыдан бірізді қарастырылған және кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс әдіснамалық, теориялық тұжырымдарға негізделген. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Д.К. Джолданованың зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделін теориялық тұрғыдан негіздеу, әзірлеу және тәжірибелік сынақтан өткізуге бағытталады. Алға қойған мақсатқа сәйкес, келесідей міндеттердің шешімін табу көзделді:</p>

			<p>– шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұнын анықтау;</p> <p>– шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтың акмеологиялық құзыреттілігінің қалыптастыру факторы ретінде академиялық лидерлікті айқындау;</p> <p>– ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігінің қалыптастырудың педагогикалық моделін әзірлеу;</p> <p>– ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігінің қалыптастырудың әзірленген педагогикалық моделінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері логикалық түрде құрылған ішкі біртұтастығымен ерекшеленеді. Әр бөлім бірізді, мазмұнды толық байланыспен ұштасады. Зерттеудің қорытындысы ғылыми тұрғыда дәлелді көрсетілген. Диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері жасалған ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған және жұмыс сыни талдауларға негізделген. Ол талдаулар зерттеліп отырған мәселе бойынша шетелдік және отандық авторлардың ғылыми әдебиеттеріне саралау жұмыстарында, акмеологиялық құзыреттіліктің бастапқы деңгейін анықтау үшін тұрақтандыру эксперименті барысында, педагогикалық модельді жүзеге асыру және ЖОО жағдайындағы болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігінің қалыптастыру шарттары нақтылағанда көрініс табады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделген, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Диссертант зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі нәтижелерге</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>қол жеткізген: Біріншіден, ізденушінің зерттеу аясында отандық, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен оқу әдістемелік құралдарындағы «акмеологиялық құзыреттілік», «академиялық лидерлік» ұғымдарына берілген анықтамаларды жүйелеуімен, осы ұғымдардың мәні мен мазмұнын өзінің зерттеу проблемасының мақсатына орай тұжырымды пікірін білдіріп, ғылыми-теориялық тұрғыдан мазмұндық сипаттама жасауымен негізделіп, дәлелденген. Бұл педагогика ғылымының теориялық мазмұнын толықтырады. Екінші ғылыми нәтиженің жаңашылдығы ізденушінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін айқындайды, себебі бұл олардың жеке және кәсіби өмірде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыру арқылы академиялық лидерлігін дамытады. Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы зерттеу мәселесіне байланысты құрған моделі. Бұл модельде зерттеудің негізгі ғылыми-теориялық ережелерін басшылыққа ала отырып, студенттердің шетілдік білім беру контекстінде акмеологиялық құзыреттілігі қалыптастыру жолдарын пайдалану механизмі қарастырылған. Өзірленген модельдің компоненттері, көрсеткіштері мен деңгейлері нақтыланған. Төртіншіден, «Педагогикалық акмеология» курсы шеңберінде ізденуші әзірлеген және сынақтан өткен оқу-әдістемелік кешенінің тиімділігін көрсететін тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері ұсынылған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, себебі қажетті әдебиет көздерін оқып танысу негізінде отандық педагогика ғылымында алғашқы рет ұсынылып отырғаны анықталды. Зерттеу жұмысының жаңашылдығы ешқандай күмән тудырмайды. Жұмыстың негізгі аспектілері ғылыми негізделген, әрі шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне, нақты деректерге сілтеме жасай отырып жазылған деп бағаланады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару</p>	<p>Ғылыми жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жартылай жаңа және оның автормен негізделгендігі көрініс табады.</p>

		<p>шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста университеттешетілдік білім беру контекстінде студенттердің акмеологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесі ұсынылған. Автор тарапынан «Педагогикалық акмеология» атты оқу курсының бағдарламасы дайындалып, мазмұндас пәннің тақырыптық жоспары мен мазмұнына ендірілген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен, сонымен қатар әртүрлі ғылымдар саласындағы ой-тұжырымдарды саралау арқылы қол жеткізілген. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен қорытындылар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруда теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары алыс-жақын шетелдік, отандық басылымдарда жарық көрген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) <u>шамамен</u> дәлелденді;</p> <p>3) <u>шамамен</u> дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>7.1. Д.К. Джолданова тарапынан қорғауға төрт қорғауға шығарылған барлық 5 ереже дәлілденген.</p> <p>7.2. Қорғауға ұсынылған 5 ереже тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қорғауға ұсынылатын 5 ереже жаңа болып табылады.</p> <p>7.4. Қорғауға ұсынылатын 5 ереженің қолдану деңгейі кең:</p> <p>1. Негізділігі педагогикалық ғылымдағы терминжасам теориясына тіректенген, шетілдік білім беру контекстіндегі болашақ педагогтердің «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұны автор тұрғысынан түсіндірілген, автордың түсінуіңше ол «пәндік және кәсіби құзыреттіліктері мен академиялық лидерліктің қағидаттарын біріктіруге негізделген, өзін-өзі даму стратегиясын іске асыру дайындығына, шетілдік оқыту мәселелерін шешуге, яғни көптілді тұлғаны дамытуға, кәсіби қызметтің белсенді субъектісін қалыптастыруға бағытталған, болашақ шетел тілдері мұғалімі</p>

	<p>1) <u>иә</u> 2) жоқ</p>		<p>тұлғасының кәсіби құрамдас бөлігі».</p> <p>2. Академиялық лидерлік шеттілдік білім беру контекстіндегі болашақ педагогтың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру факторы болып табылады, оның мәнін автор «кәсіби салада «мен-кәсіпқой» бейнесіне қол жеткізуді және лидерлік қасиеттерді дамытуды қамтамасыз ететін, кәсіби даму стратегияларын, өзіндік тиімділік және өзіндік рефлексия үдерістерін басқаруға педагогтің дайындығы» - деп түсінеді.</p> <p>3. Үштілділік саясаты жағдайында қоғамның, білімнің, тұлғаның мүдделерін оңтайлы іске асыруды қамтамасыз ететін және мақсатты, мазмұндық, процессуалды-іс- әрекеттік, бақылау - бағалаушы, нәтижелі блоктармен ұсынылған шеттілдік білім беру контекстіндегі болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделі ұсынылды.</p> <p>4. 5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бакалаврларының акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттары ұсынылды, автор оларды педагогикалық үдерістің сыртқы жағдайларының жиынтығы, шеттілдік білім беру контекстінде академиялық лидерлікті көрсетуге ықпал ететін акмеологиялық білімдер, біліктер, практикалық тәжірибе алуының алғышарттары ретінде түсінеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> – студенттердің лидерлік сапаларын дамыту үдерісіне педагогикалық мониторинг ұйымдастыру; – студенттерді оқытушылармен бірлескен шығармашылық іс-әрекеттерге қатыстыру; – студенттердің лидерлік сапаларының дамуына педагогикалық қолдау көрсету; – ақпараттық-әдістемелік кешен. <p>5. Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделінің тиімділігін растайтын тәжірибелік-эксперименттің тексеру нәтижелері ұсынылды.</p> <p>7.5. Қорғау ержелері автордың 7 еңбегінде көрініс тапты, оның ішінде Scopus базасында – 1, ҚР БҒМ БҒСҚК ұсынған басылымдарда – 3, халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында – 3.</p>
<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама , нақты</p>		<p>Диссертациялық жұмыс зерттелген тақырып аясында таңдалған әдістеменің негізделгендігімен сипатталады. Әдіснама егжей-тегжейлі, нақты сипатталған және ол</p>

акпараттын дәйектілігі	жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	жұмыс нәтижелерінің негізділігін анықтайды.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланумен алынған. Ғылыми еңбектегі нәтижелер зерттеудің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу (теориялық және эмпирикалық, синтездеу әдістері), өзіндік интерпретациялау әдістемелерін пайдаланумен алынған, компьютерлік технологиялардың көмегімен түрлі сызбалар, кестелер, диаграммалар, тапсырмалар құрастырылған. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері математикалық-статистикалық әдістермен өңделген.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу жұмысына Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының студенттері алынған. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу барысында педагогикалық эксперимент, әңгімелесу, тестілеу, сауалнама алу және студенттердің өздік шығармашылық жұмыстарының нәтижесін сараптау әдістері пайдаланылған және бұл әдістердің нәтижелері тәжірибелік эксперимент барысында компьютерлік технологиялар арқылы өңделген.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> /ішінара расталған / расталмаған	Шеттілдік білім беру контекстінде студенттердің акмеологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға байланысты философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектер, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі бойынша өзекті мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге (заңнамалық құжаттар, монографиялар, диссертациялар, ғылыми мақалалар) сілтемелермен расталған.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Әдеби шолу үшін автор жеткілікті дереккөздерді пайдаланады. Өзекті, маңызды деп танылатын және сенімді дереккөздер саны 127 әдебиетті құрайды. Диссертацияда қолданылған әдебиеттер зерттеу жұмысының тақырыбына толықтай сәйкес келеді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар, өйткені, акмеологиялық құзыреттілік, лидерлік ұғымдарының мәні мен қызметтерінің, зерттеудің негізгі тұжырымдарына берілген шетелдік және отандық ғалымдардың теориялық көзқарастарын талдауымен анықталған. Шеттілдік білім беру контекстінде студенттердің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың тұжырымдамалық идеялары мен болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лидерлік қасиеттерін дамытудың теориялық-құрылымдық моделі ұсынылған. Ұсынылған Педагогикалық акмеология оқу курсының бағдарламасы мен мазмұны, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздерінің анықталуы жұмыстың теориялық маңызының бар екендігіне дәлел. Зерттеудің теориялық, әдіснамалық және ғылыми педагогикалық негіздерін жасауда бұқаралық ақпарат құралдары туралы ілімдер және жеке тұлғаны кәсіпке бейімдеудегі медиақұралдардың рөлі туралы қағидалар, оқытудың психологиялық-педагогикалық және әдістемелік негіздері туралы идеялар мен оқытудың дидактикалық заңдылықтары мен қағидалары пайдаланылған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары десек болады. ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделі әзірленген; болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген педагогикалық моделінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеруден өткен. ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде алынған нәтижелерді пайдалану, оқу үдерісіне ақпараттық-әдістемелік кешенде көрініс тапқан. Атап айтқанда, тілдік мамандықтар білім алушыларына арналған «Педагогикалық акмеология» оқу-әдістемелік құралында; тілдік

			<p>мамандықтар білім алушыларына арналған «Педагогикалық акмеология» электронды оқу-әдістемелік құралында; шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының студенттеріне арналған «Педагогикалық акмеология» авторлық электронды курсына; «Лидер» студенттік клубының бағдарламасының мазмұнымен қамтылған.</p> <p>Зерттеу жұмысының қорытындыларын педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттерге медиабілім беруде, болашақ мамандардың медиамадениетін қалыптастыруда, сондай-ақ педагогтардың біліктілігін арттыру институттарында пайдалануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыстың практикалық құндылығы – тәжірибеден өткен және шеттілдік контексте белсенді қолданылған әдістемелік кешенде ұтымды көрініс табады. Студенттердің шетел тілін оқыту жағдайында акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру бойынша әзірленген әдістемелік нұсқаулар тәжірибеде тиімді пайдаланылып, нәтижелер алуға жол тапқан. Автордың практикалық ұсыныстары жартылай жаңа болып табылады, өйткені, ЖОО-ның педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламасына студенттердің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған «Педагогикалық акмеология» пәнін ендірілуі болашақ мамандардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған оқу-әдістемелік құралдар мен әдістемелік нұсқаулықтардың дайындалуы, студенттердің лидерлік қасиеттерін дамытудың тиімділігін кеңейтуге бағытталған ғылыми-тәжірибелік конференциялар, әдістемелік семинарлар мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру және өткізу бағытындағы жұмыстарды орындау сияқты әдістемелік ұсыныстар бұған дейінгі зерттелген жұмыстарда да қарастырылған.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары;</u></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми материалдарға жан-жақты талдау жүргізгендігі, диссертация мәтінінің ғылыми стильде жазылғандығы, сілтемелер соңында келтірген автордың ой-тұжырымы және әр тараудың өзара сабақтастықта байланысып, жүйелілік пен бірізділіктің сақталуы академиялық жазу сапасының жоғары екендігін байқатады. Д.К.Джолданованың «Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың</p>

			акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қойылған барлық талаптарға сай келеді.
--	--	--	---

Д.К. Джолданованың диссертациялық зерттеуінің нәтижелерін оң бағалай отырып, келесі ескертулер мен ұсыныстар жасау қажет деп санаймын:

1) Зерттеу жұмысында акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастыруға арналып құрылған модельде шетел ғалымдарының еңбектері жан-жақты талданған, алайда осы тақырып аясындағы модельді жүзеге асыруда отандық ғалымдардың еңбектерін де қосуды қажет етеді.

2) Диссертациялық жұмыс студенттердің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін қарастырады. Автор тәжірибелік кешенге құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды көбірек еңгізе, жұмыс тиімді болар еді деп ойлаймыз.

3) Диссертациялық жұмыста стилистикалық және техникалық қателер кездеседі.

Анықталған кемшіліктер мен ескертулер диссертацияның жоғары ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.

Ізденуші Д.К. Джолданованың «Шетгiлдiк бiлiм беру контекстiнде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттiлiгiн қалыптастыру» тақырыбында орындалған докторлық диссертациясын қорғауға ұсынуға болады. Ізденуші Динара Канатовна Джолдановаға 6D011900 - «Шетел тiлi: екi шетел тiлi» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесiн беруге болады деген түйiн жасаймын.

Ресми рецензент:
п.ғ.д., Абылай хан атындағы
ҚазХҚ және ӨТУ профессоры



Жайтапова А.А.

Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ
профессорының А.А. Жайтапованың қолтаңбасын растаймын